

Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының оқытушыларына арналған «Жоғары оқу орындарында пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (ПОӘК) құзыреттілік тәсіл негізінде жобалау» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1 Жалпы ереже

1. «Жоғары оқу орындарында пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (ПОӘК) құзыреттілік тәсіл негізінде жобалау» (әрі қарай-Бағдарлама) тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы жоғары оқу орындарының (әрі қарай ЖОО) педагогикалық мамандықтарының оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама жоғары білім беруді құзыреттілік тәсіл негізінде модернизациялау жағдайында жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

2. Глоссарий

SMART мақсаттары мен міндеттері (ақылды міндеттер) - оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран (George T. Doran) енгізген: **S**pecific (арнайы, нақты); **M** easurable (өлшеуге болатын); **A** ttainable (қолжетімді); **R** ealistic (шындыққа сай); **T** imed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген).

Дескриптор (сипаттаушы) – құжаттарды, ақпараттық жиымдарды және т.б. іздестіру кезінде оларды топтарға бөлу, жіктеу, индекстеу үшін пайдаланылатын пароль, түйінді сөз немесе сөз тіркесі. Оның құрамына файл, программа атауы, оған коса, файл коды түрінде пайдаланылатын сан не сөз кіруі мүмкін.

Дивергентное мышление – бұл процесс немесе ми шығармашылық идеяларды қалыптастыру үшін қолданатын ойлау әдісі әр жағдайды қалай шешуге болатындығы туралы барлық мүмкін шешімдерді зерттеу.

Инфографика – хабарды, ақпаратты, білімді графикалық тәсілдер арқылы ұсыну. Инфографика - қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында кез-келген мәтін мен графиканың үйлестіріліп берілуі.

Жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) – субъектінің білім беру қызметінің кешенді сипаттамасы, оның жеке білім беру мақсаттарын, оларға қол жеткізу кезеңдері мен тәсілдерін, нәтижелерді талдау және бағалау әдістерін, жеке өсу нәтижелерінің рефлексиясын көрсетеді.

Критерий – орындалуы қандай да бір заңның немесе тәсілдің қолданушылығын қамтамасыз ететін шарт. Мөлшерлік бағаның өлшеуін таңдайтын белгі.

Кейс – педагогикалық үдерісті және педагогтардың кәсіби қызметін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін бірыңғай мультимедиялық ақпараттық кешен.

Конвергенттік ойлау – жылдамдыққа, дәлдікке және логикаға баса назар аударады және таныс, қайта қолдану тәсілдерін тануға және сақталған ақпаратты жинақтауға бағытталған. Бұл жауап оңай болатын және оны еске түсіру немесе пысықтау қажет болатын жағдайларда тиімді шешім қабылдау стратегиялары.

Мотивация – бұл адамның мінез-құлқын басқаратын, мінез-құлықтың (іс-әрекеттің) ұйымдастырылуын, бағытын, тұрақтылығын және белсенділігін анықтайтын әртүрлі сыртқы және ішкі факторлар жүйесінің әсерінен туындаған процесс.

Метапән – стандарттық білім мазмұнымен ғана шектелмей, әр пән сабақтарының ғылыми мазмұнын жүйелеп, талдап, анализдеп, зерттеу жүргізіп, өзіндік ой тұжырым жасауына және өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына, шығармашыл дамуына негіз болатын инновациялық әдіс.

Мониторинг – осы объектінің жалпы мінез-құлқы/жай-күйі туралы пайымдау үшін осы объектіні сипаттаудың негізгі (айқын немесе жанама) белгілерінің/параметрлерінің аз санын жинау/тіркеу, сақтау және талдау жүйесі. Яғни, оны сипаттайтын белгілердің аз мөлшерін талдау негізінде объект туралы тұтастай шешім қабылдау.

Мультимедиа – бір уақытта әр түрлі формада ұсынылатын деректер немесе мазмұн: дыбыс, анимациялық компьютерлік графика, бейне тізбегі.

Портфолио – бұл белгілі бір қызмет саласындағы адамның біліктілік деңгейін сенімді түрде ашатын құжаттар пакеті.

Тұлғаға бағытталған оқыту – оқушының жеке басының қасиеттерімен басым рөл атқаратын оқыту. Оқыту процесі білім алушының мүмкіндіктеріне, тілектері мен сұраныстарына байланысты құрылады.

Парадигма – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көз-қарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі.

Тимбилдинг – психологиялық әдістерге негізделген түрлі тренингтерді қамтиды. Осы тренингтерді пайдалана отырып, командалық рух беруге және топ мүшелерін бірге нәтижелі жұмыс істеуге үйретуге болады.

3. Бағдарлама тақырыптары

| Модульдер | Тақырыптары |
|---------------------------------------|--|
| 1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ | 1.1 Жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары |
| 2. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ | 2.1 ПОӘК-ті әзірлеу және жүзеге асырудағы құзыреттілікті, құндылық-бағдарлы және тұлғалық-әрекеттік тәсілдер. Гуманистік парадигма (Дж. Дьюи, А. Маслоу, Дж. |

| | |
|-----------------------|--|
| | <p>4.6 Студенттің және педагогтың студенттік жобалық іс-әрекет барысында өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі өзектілендіру бойынша іс-шараларды жоспарлауы</p> <p>4.7 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жеке білім беру маршрутын әзірлеу</p> |
| 5. ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ | <p>5.1 Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың мақсаттары, әдістері және құралдары</p> <p>5.2 Озық білім беру тұжырымдамаларын пайдалану (Джон Биггс пен Кевин Коллиз оқыту нәтижелерінің таксономиясы, Колб моделі –ақыл-ой іс-әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру, Кен Робинсонның ПОӘК-тің мазмұндық (теориялық) құрамдас бөлігін әзірлеу барысындағы Кен Робинсонның «Парадигмалар ауысымы»</p> |

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты жоғары оқу орындары педагогикалық мамандықтары оқытушыларының ПОӘК әзірлеу қызметіндегі кәсіби құзыреттіліктерін дамыту болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

- педагогикалық білімді модернизациялаудың ғылыми-әдістемелік негіздерінің тұтас түсінігін қалыптастыру;
- оқу бағдарламаларын жобалаудағы әлемдік ғылым мен тәжірибенің жетістіктеріне тұтас көзқарас қалыптастыру;
- құзыреттілік тәсілге негізделген оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жобалау, модельдеу және ұзақ мерзімді жоспарлау дағдыларын жетілдіру;
- құндылық бағдарлы, тұлғалық- құзыреттілік тәсілдер негізінде дәріс және практикалық сабақтарды құрастыру дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіптік қызметтегі оқыту үдерісінде инновациялық білім беру технологияларын және интерактивті әдістерді қолдану дағдысын қалыптастыру;
- сыни және креативті ойлау машықтарын, ПОӘК-ті құру және іске асыру барысында проблемалық мәселелерді шешу және тұжырымдау дағдыларын дамыту;
- Оқу үдерісінің сапасын жақсарту үшін сындарлы шешімдер қабылдауда кәсіби өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері.

Курс тыңдаушылары:

- құзыреттілік тәсіл негізінде ПОӘК-ті әзірлеудің нормативтік және әдіснамалық талаптарын, ПОӘК құру ұстанымдары мен кезеңдерін, оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістері мен түрлерін, құрылымын біледі;

- критериалдық бағалау шеңберінде оқу нәтижелерін бақылау және өлшеу материалдарын, ПОӘК-тің құрамдас бөліктерін, оның ішінде дәріс тезистерін, студенттерге арналған силлабустарды, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасын әзірлеу және құрылымдау бойынша білімді түсінеді және қолданады;

- ПОӘК құру жөніндегі қызметті сипаттайтын ұғымдық аппаратты;

- МЖМБС және Модульдік білім беру бағдарламасына негізделген ПОӘК-тің SMART-мақсат қою технологияларын; Case-study және оқу (студенттік) жобаларын әзірлеу техникасын; SWOT талдауды ;

- студенттермен әлеуметтік құзыреттілік тұрғысынан қойылған мақсаттарға сәйкес тиімді өзара қарым-қатынас жасау мүмкіндігін;

- қазіргі білім берудің тұлғаға бағдарланған парадигмасы тұрғысынан оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін рефлексияға қабілеттілігін;

- Оқу қызметінің түрлері бойынша (дәріс, семинар, СӨЖ және т.б.с) оқытылатын пәндердің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін оқыту әдістері мен құралдарын таңдау мүмкіндігін меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1. Нормативтік-құқықтық модуль. Модульде ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарының нормативтік-құқықтық құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

2. Психологиялық-педагогикалық модуль. Модульді оқу барысында тыңдаушылар ПОӘК-ті әзірлеу және жүзеге асырудағы құзыреттілікті, құндылық-бағдарлы және тұлғалық-әрекеттік тәсілдерімен, гуманистік парадигма, когнитивтік тәсіл, әлеуметтік жағдаяттық тәсілмен, ПОӘК шеңберіндегі ұзақ мерзімді жоспарлауда эмоциональдық зерде тұжырымдамасының ережелерін қолдануы, мета пәндік (жүйелік) оқыту нәтижелерін жоспарлау: сыни ойлау дағдыларын, ұжым ішіндегі іскерлік қарым-қатынасты, корпоративтік этика сақтау. Тимбилдинг негіздерімен, проблемалық мәселелерді шешуде студенттердің дивергентті және конвергентті ойлауы. Білімгердердің дивергентті ойлау қабілеті мен

шығармашылық әлеуетінің байланысы. Білімгерлердің дивергентті (шығармашылық) ойлау қабілетін дамытуға бағытталған міндеттерді дамыту ерекшеліктерімен танысады.

3. Мазмұндық-процессуалдық модуль. Модульді зерделеу барысында тыңдаушылар педагогикалық өлшем параметрлері: Дублин дескрипторлары, Б. Блум таксономиясы, оқу материалын мазмұндаудың құрылымдық әдістері (сызықтық, шоғырлас, спиралдық), мәселеге бағдарланған оқыту. «case-study» әдісінің пайда болуы, кейсті құру, талдауды, жобалық оқыту технологиясы білім алушылардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыруды, тұлғаға бағытталған оқытуды, СӨЖ-дің тиімді ұйымдастырылуы мен мотивациясындағы тұлғаға бағытталған оқытудың ұстанымдарын, портфолио - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың технологиясы, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудың мақсаттарына сәйкес критерийлер мен дескрипторларды әзірлеу. «SMART» мақсаттарды қою әдістемесін, білім сапасын статистикалық бақылау әдісін іске асыруды түсінуді қалыптастырады.

4. Технологиялық модуль. Тыңдаушылар педагогтің кәсіби қызметінде заманауи қашықтан оқыту технологияларын қолдану тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану аясын кеңейтеді; қашықтан білім беру технологияларын қолдану, ақпараттық білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздіктік ережелерін зерделейді.

Тыңдаушылар дөңгелек үстелде қазіргі мектепте электрондық тьюторлықты ұйымдастыру және коучинг, менторинг үдерістерін басқару және жетілдірудің өзекті мәселелерін талқылауға, «Тьютордың (коуч, ментор) кейсі» таныстырылымы арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлау бойынша жетістіктермен бөлісуге мүмкіндік алады.

5. Вариативтік модуль.. Бұл модульде тақырыптары мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың мақсаттары, әдістері және құралдарын, озық білім беру тұжырымдамаларын пайдалану, ПОӘК мазмұндық (теориялық) құрамдас бөлігін әзірлеу барысындағы «Парадигмалар ауысымы» бағыттарына тоқталады

6. Оқыту процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

- 1) Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады;
- 2) Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, өзіндік жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау және бағалау мақсатында «Портфолио – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың технологиясы ретінде» портфолиосы өткізіледі

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Жоғары оқу орындарында пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (ПОӘК) құзыреттілік тәсіл негізінде жобалау» тақырыбындағы күндізгі (қашықтан) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

| № | Оқу тақырыптары | Дерістер | Таңдау дерістері | Тренинг | Практикалық сабақтар | ТООЖ | Портфолио қорғау | Барлығы |
|-----|--|----------|------------------|---------|----------------------|----------|------------------|-----------|
| 1. | Нормативтік-құқықтық модуль | 2 | | | | | | 2 |
| 1.1 | Жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары | 2 | | | | | | 2 |
| 2. | Психологиялық-педагогикалық модуль | 4 | | | 6 | 2 | 2 | 14 |
| 2.1 | ПОӘК-ті әзірлеу және жүзеге асырудағы құзыреттілікті, құндылық-бағдарлы және тұлғалық-әрекеттік тәсілдер. Гуманистік парадигма (Дж. Дьюи, А. Маслоу, Дж. Роджерс), когнитивтік тәсіл (Ж. Пиаже, М. Монтессори, Л.Выготский), әлеуметтік жағдаяттық тәсіл (А.Бандура).және заманауи білім берудегі «Аналитикалық психология» К.Г.Юнга | 2 | | | 2 | | | 4 |
| 2.2 | ПОӘК шеңберіндегі ұзақ мерзімді жоспарлауда эмоциональдық зерде тұжырымдамасының ережелерін қолдану (Даниел Гоулман) | | | | 2 | | 2 | 4 |
| 2.3 | Мета пәндік (жүйелік) оқыту нәтижелерін жоспарлау: сыни ойлау дағдыларын, ұжым ішіндегі іскерлік қарым-қатынасты, корпоративтік этика сақтау. Тимбилдинг негіздері | | | | 2 | 2 | | 4 |

| | | | | | | | | |
|-----------|---|-----------|----------|-----------|-----------|----------|----------|-----------|
| 2.4 | Проблемалық мәселелерді шешуде студенттердің дивергентті және конвергентті ойлауы. Білімгердердің дивергентті ойлау қабілеті мен шығармашылық әлеуетінің байланысы. Білімгерлердің дивергентті (шығармашылық) ойлау қабілетін дамытуға бағытталған міндеттерді дамыту ерекшеліктері | 2 | | | | | | 2 |
| 3. | Мазмұндық модуль | 10 | 2 | 2 | 12 | 4 | 4 | 34 |
| 3.1 | Педагогикалық өлшем параметрлері: Дублин дескрипторлары, Б. Блум таксономиясы | 2 | | | 2 | | | 4 |
| 3.2 | Оқу материалын мазмұндаудың құрылымдық әдістері (сызықтық, шоғырлас, спиралдық) | 2 | | | 2 | | | 2 |
| 3.3 | Мәселеге бағдарланған оқыту. «case-study» әдісінің пайда болуы мен даму тарихы. Кейсті құру. Кейсті талдау. | 2 | | 2 | 2 | | | 6 |
| 3.4 | Жобалық оқыту технологиясы білім алушылардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың құралы ретінде. | 2 | | | 2 | | | 4 |
| 3.5 | Тұлғаға бағытталған оқыту (Н.А. Алексеев, И.А. Якиманский, В.В.Сериков және т.б. теориялары). СӨЖ-дің тиімді ұйымдастырылуы мен мотивациясындағы тұлғаға бағытталған оқытудың ұстанымдары. | | 2 | | 2 | | | 4 |
| 3.6 | Портфолио - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың технологиясы ретінде. | | | | | | 4 | 4 |
| 3.7 | Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудың мақсаттарына сәйкес критерийлер мен дескрипторларды әзірлеу. «SMART» мақсаттарды қою әдістемесі. | | | | | 4 | | 4 |
| 3.8 | Білім сапасын статистикалық бақылау әдісі. | 2 | | | 2 | | | 4 |
| 4. | Технологиялық модуль | 4 | 4 | 16 | 2 | | | 26 |

| | | | | | | | | |
|-----------|---|---|----------|---|---|--|--|----------|
| 4.1 | ПОӘК-тің теориялық құрамдас бөлігін жоспарлау: дәріс және практикалық сабақтардың мазмұны және СӨЖ | | | 4 | | | | 4 |
| 4.2 | Силлабус дизайны. ПОӘК-тің практикалық құрамдас бөлігін жоспарлау: білім беру мақсаттарына жетудің әдістері мен құралдарын таңдау. ПОӘК тиімділігін бақылау | | 2 | 4 | | | | 6 |
| 4.3 | БӨМ-ді әзірлеу (бақылау-өлшеуіш материалдар): құзыреттілікке бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар, тесттер және т.б. | | 2 | 2 | | | | 4 |
| 4.4 | Негізгі және тұлғааралық құзыреттіліктер бойынша пәндік және метапәндік нәтижелерді жоспарлау | | | 4 | | | | 4 |
| 4.5 | ПОӘК-ті іске асыру бойынша іс-әрекетке АКТ-ні енгізу. Мультимедиялық және интерактивті тесттер құрастыру. Дәрістерге инфографика жасау үшін танымал веб-қызметтермен жұмыс істеу | | | 2 | | | | 2 |
| 4.6 | Студенттің және педагогтың студенттік жобалық іс-әрекет барысында өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі өзектілендіру бойынша іс-шараларды жоспарлауы | 2 | | | | | | 2 |
| 4.7 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жеке білім беру маршрутын әзірлеу | 2 | | | 2 | | | 4 |
| 5. | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | 4 |
| 5.1 | Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың мақсаттары, әдістері және құралдары | | 2 | | | | | 2 |
| 5.2 | Озық білім беру тұжырымдамаларын пайдалану (Джон Биггс пен Кевин Коллиз оқыту нәтижелерінің таксономиясы, Колб моделі – ақыл-ой іс-әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру, Кен Робинсонның ПОӘК-тің мазмұндық (теориялық) құрамдас | | 2 | | | | | 2 |

| | | | | | | | | |
|--|---|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|----------|-----------|
| | бөлігін әзірлеу барысындағы Кен Робинсонның «Парадигмалар ауысымы», | | | | | | | |
| | БАРЛЫҒЫ | 20 | 10 | 18 | 20 | 6 | 6 | 80 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «Портфолио – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың технологиясы ретінде» портфолиосы ұсынылады.

Портфолио құрудың негізгі принциптері:

- жүйелілік;
- мәліметтердің нақтылығы мен ауқымдылығы;
- ақпараттың объективтілігі;
- көрнекілік.

Портфолиоға қойылатын талаптар:

Қорытынды ең жоғары – 12 балл.

0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті

| № | Бағалау критерийлері | Баллдар | | | | Қорытынды |
|---------------------------------------|---|---------|---|---|---|-----------|
| | | 0 | 1 | 2 | 3 | |
| 1 | Педагог туралы жалпы мәлімет | | | | | |
| 2 | Педагогтың ғылыми-әдістемелік қызметі. | | | | | |
| 3 | Кері байланыс жұмысының материалдары: | | | | | |
| 4 | Өзін-өзі дамытуымен байланысты SMART мақсат қою арқылы бекітіледі | | | | | |
| Қорытынды балл (max – 12 балл) | | | | | | |

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Куратордың (оқытушының) консультациялар курсын, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер), сервистер, Интернет-платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі.

2. Жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру.

3. Курс кураторы (оқытушысы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады: семинарларда, дөңгелек үстелдерде сөз сөйлеу (облыстық, республикалық деңгейдегі); кәсіби байқауларға қатысу (республикалық, халықаралық деңгейдегі); республикалық

және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен) (<http://adilet.zan.kz>).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Жоба. Эл.ресурс: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=12629438>.
3. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
4. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы).
5. «ЦифрлықҚазақстан» мемлекеттікбағдарламасы. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген.
6. ҚазақстанРеспубликасындабілімберуді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz>.
7. Андрагогика – искусство и наука обучения взрослых. Публикация на ресурсе Neuch.org. Современное образование,- от 21.06.2012г. <http://neuch.org/realias/andragogika-iskusstvo-i-nauka-obucheniya-vzroslykh>.
8. Андреев А.А. Педагогика высшей школы. Новый курс.: М., 2002. -212 с
9. Бедерханова В.П. Педагогическое проектирование в инновационной деятельности : учеб. пособие. – Краснодар : КИДППО, 2000. – 54 с.
10. Беликов В. А., Кривошапова В. Г., Савинков Л. А. Образование. Деятельность. Личность: монография. – М.: Академия Естествознания, 2010. – 340 с.
11. Бим-Бад, Б.М. Педагогическая антропология: Учеб. Пособие./Авт.-сост. Б. М. Бим-Бад. М.: Изд-во УРАО. 1998. 575 с.
12. Божович, Л.И. Проблемы формирования личности. Изб. психол. труды / Л.И. Божович. – М., Воронеж, 2001.
13. Гаранина Р. М. Самостоятельная работа – средство развития потенциала студентов // Alma mater. – 2012. – № 1. – С. 46–48.
14. Горшкова О. В. Управление кадровым потенциалом предпринимательского университета: новые компетенции ППС // Университетское управление. – 2012. – №4. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.umj.ru/index.php/pub/inside/1358> (дата обращения: 04.04.2013).

15. Интеграция высшего профессионального образования в сфере физической культуры: монография / под. общ. ред. А. Я. Найна. – Челябинск: ЧелГНОЦ УрО РАО, 2008. – 380 с.

16. Липская Л. А. История и философия образования: антропологические основания: учеб. пособие. – Челябинск: Уральская академия, 2008. – 272 с.

17. Лях В. И. Конструирование в учебной деятельности будущих педагогов профессионального обучения //Сибирский педагогический журнал. – 2011. № 9. - С. 24-29.

18. Речкина Т. Д. Учебно-методическое обеспечение самостоятельной деятельности студентов педвуза: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Ростовн/Д, 2003 //Наука педагогика [Электронный ресурс]. URL: <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-08/dissertaciya-uchebnometodicheskoe-obespecheni> (дата обращения: 02.02.2013).

19. Шутенко А. И. Развитие образовательных коммуникаций в современном вузе // Научная онлайн библиотека ПОРТАЛУС [Электронный ресурс]. URL: <http://www.portalus.ru/modules/pedagogics/rust> (дата обращения: 05.03.2013).

20. Флетчер К. Performance Appraisal. Оценка и обратная связь. Практические аспекты обзора эффективности работы. – М.: НИРРО, 2006.